...РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Н ТУЫ

...ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
... ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

... октябрь Жексенбі жеке саны 20 тиын. Шығуына 33 жыл


**Социалистік жарыстың ұлы күші, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенциясының бейбітшілік ісін қорғап қалуға бір кісідей ұмтылуы, еңбекшілердің коммунистік қоғам орнатуға берік бел байлауы — жаңа бесжылдықты орындауға және асыра орындауға бағытталуға тиіс.**

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларынан).

## ...үйрену ...лсын

...ябрь революциясы ...водында 30-ға жуық ...иалдарын завод кол... белсене кірісті. ...ванов, Хамидуллин ...ериалдарына байла... рет өткізді. Партия ...рнап нұсқау кеңесін ... көмектесіп отырады. ...сл бөлімшесінің к... ...ъезд материалдарын ... түсіндіру жөнінде... ...алуда. Кәзір бөлімше... ...а 60-тан астам үгіт... ...ылар жұмыс істейді. ...ысын өндірістік мін... ...гастыра жүргізіп ке...

...дарын және Сталин ...зін оқып, үйрену об... ...ры мен МТС-терінде ...да қызу қолға алын... ...ның жүздеген үгіт... ...лары съезд мате... ... оны колхозшылар ... коллективіне түсін... ...сене кіріскен бо... ...анда саяси-үгіт жү... ...ізіліп келеді. Осы ...волюции» колхозын-

# Съезд қарарлары мен И. В. Сталиннің данышпандық еңбегі совет адамдарын жанқыярлықпен еңбек етуге жігерлендіреді

## Еңбек қарқыны

Партиямыздың XIX съезінің қарарларымен және кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген сөзімен жігерленген Октябрь ауданындағы «Победа» ауылшаруашылық артелінің мүшелері ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Колхоз мүшелері партияның XIX съез күндерінде социалистік жарысты пәрменінше өрістетіп, мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын табысты жүргізген болатын. Ал, съезд қарарларын абройымен жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізе отырып, колхозшылар бұл күндері мал қыстатуға әзірлікті ойдағыдай аяқтауда.

Колхозшылар партияның XIX съезінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз орындау үшін малды құнарлы жемшөппен қамтамасыз етуде. Олар малға 35 мың центнерден астам құнарлы жемшөп дайындады. Сол сияқты, егіннің сабаны мен топанын жыйнап, маяға салды және оны мал қоралары жанына тасып алды.

Малды қысқы маусымда біркелкі азықтандыру үшін колхозшылар дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасуда. Көсемнің съезде сөйлеген данышпандық



Петропавлдағы № 20 кәсіпшілер училищесінің оқушысы комсомолка Е. Королева Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста практикалық және теориялық оқуда да бірінші орында келеді.
СУРЕТТЕ: Е. Королева жолдас практикалық оку үстінде.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жарқын болашақ үшін

## Механизаторлардың сөзі мен ісі

—Совет Одағының Коммунистік партиясы —біздің ақыл-ойымыз, қамқоршымыз. Ол өзінің XIX съезінің тарихи қарарларында советтік Отанымыздың экономикасын онан әрі өркендетудің, мәдениетін гүлдендіре берудің программасын белгілеп берді. Біз, механизаторлар партиямыздың қамқорлығына стахановтық еңбекпен жауап береміз.

Бұл —Күйбышев атындағы колхоздағы (Конюхов ауданы) трактор бригадасында жаңа бесжылдықтың жоспары жөнінде үгітші Бондар жолдастың әңгімесінен кейін механизаторлардың айтқан сөзі еді. Сонан бері 5 күн өтті. Уақыт көп емес. Бірақ, механизаторлар осы аз уақыттың ішінде өздерінің сөзіне істері сай екенін көрсетті. Трактор бригадасы өткен бескүндікте зябь жырту жөніндегі тапсырманы 130 процент орындап, көп жанар, жағар майларын үнемдеді. Тракторшы Яков жолдас «С—80» тракторымен күн сайын 15 -17 гектардан жер жыртып, жұмыста үздік келеді.

—Партиямыздың XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жос-

## н Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жетінші сессиясы

# а соғыстың хаупі жойылсын, бейбітшілік сақталып, ықаралық хауіпсіздік нығайтылсын

### самблеясының 1952 жылғы 18 октябрьдегі пленум мәжлісінде А. Я. Вышинскийдің сөйлеген сөзі

алап етіп отыр
ық қозғалысы-
а мәжбүр бол-

уын талқандап
а халқы бар
тыған осы коз
ен қарайты-
маның авторы
низацияға төн-
ып табылады
баяндаманың
антүршігерлік
шілікке» жол
табуға Ассам
леген күнде,
бұл «зардап-
Біріккен Ұлт
ктимал.
егі халықтар-
еге АҚШ-тың
н мырза да
өтті, бірақ
айғылы жағ-
а тура келді.
деді осында
ағдайы тура-
дағы халық-
ғысынша ас-
аштан өлу
үние жүзінде
амға келетін
ған бұрын-

ындай, жер
ысында күн
тырған ссын

сыймайтын талаптар қойып, келіссөздерді кешеуілдету мақсатын көздейді. Американ командованиесі осындай әдістермен жеңілдік жасатуға, келіссөздерді ұзаққа созуға, оның бержағында агрессияны онан әрі жүргізуге әзірлену үшін өзінің соғыс запастары мен қорларын толықтыруға тырысатынын біз сол кездің өзінде-ақ айтқанбыз.

Сол кезден бері жылға жуық уақыт өтті, осы өткен жыл біздің айтқан хаупіміздің дұрыстығын растап бергендігін айтуға біз праволы емеспіз бе. Американ жағы келіссөздерді себепсіз кешеуілдетіп келді; ал оның бержағында американ авиациясы Кореяның тылдарын бомбалап, қалаларды талқандады, селоларды өртеді, Кореяның бейбіт халқын, қорғансыз әйелдерін, балалары мен карттарын қырыпжойды, сөйтіп бір қылмыстың үстіне екінші қылмыс жасады.

Американ делегаты осында дандайсып айтқан осы «берік және сенімді негіздердің» іс жүзінде неге әкеліп соқтырғаны міне осындай. Американ шешендері Ассамблеяны жұрт алдында сендірген осы «құрметті» және екі жақтың «қабылдауына болатын» шарттарының нәтижесі міне осындай.

Кәзір бізге «әділ шарттар» туралы айтып отыр. Қайдағы бір «құрметті» және «қабылдауға болатын» шарттар туралы енді айтпайды, «берік және сенімді негіздер» туралы айтпайды. Осылардың бәрін сенгіш адамдарды адастыру мақсатын көздеген қайдағы бір әділ шарттар жайындағы сөздермен бүркемелеп отыр.

қытай командованиесінің жауабын да күтпеді.

Бұл жайында Ачесон мырза осында түк айтқан жоқ, ол «әділ шарттар» туралы бос сөздерді бетке ұстауды артық көрді, ал оның бер жағында Ким Ир Сен мен Пын Дэ-хуэй шын әділ шарттарды будан екі аптаға жуық бұрын тапсырып, Корея да уақытша бітім туралы келісім жасалуын қамтамасыз ету үшін өздерінің қолынан келген нәрсенің бәрін істеген болатын.

Осы соғыстан байып отырған американ миллиардерлері, әрине, соғыстың тоқтатылуын көздемейді. Олар өзінің пайда табуының неғұрлым маңызды қайнар бұлағының бірі ретінде, капиталистік елдердегі, ең алдымен, Америка Құрама Штаттарындағы дағдарыс пен күшейіп отырған кризистің хауіптерін жою құралдарының бірі ретінде соғысты онан әрі пайдалануды көздеп отыр. Мұны Американың көрнекті пайдақұмарларының, финансистерінің, биржа қайраткерлерінің, саясатшыларының, генералдарының, министрлерінің және тіпті АҚШ президентінің саналуан мәлімдемелерінен айқын көруге болады.

Мысалы, Американың көрнекті финансисі Джеймс Уорберг «АҚШ бейбітшіліктің болмауын көздеген заңды мүддеге тез ие болуда» деп, жұртшылық алдында мәлімдеме жасады. Соғыс, Уорбергтің мойындауы бойынша, Американың экономикасын дағдарыс пен кризистен құтқарып соғыс өнеркәсібіне көбінесе Кореядағы соғысты жүргізе беруге арналған соғыс

отырғаны кімге болса да айқын болуға тиіс.

Олар соғыс тұтқындарын айырбастау туралы мәселені осындай сылтау етіп, халықаралық правоның жалпы жұрт таныған қарапайым нормаларына қайшы келетін тарихта теңдесі жоқ талаптар қойды. 1949 жылғы Женева келісімін, атап айтқанда, соғысушы жақтарды барлық соғыс тұтқындарын, жасаған қылмыстары үшін сот жауабына тартылатындардан басқаларын туған еліне қайтаруды сөзсіз қамтамасыз етуге міндеттейтін оның 118 және 119-статьяларын өрескел бұзып, американ жағы келісімнің астында американ үкметінің қолы тұрғанына қарамастан, келісімнің осы талабын орындаудан бастартты. Жоғарыда біздің айтып кеткеніміздей, американ үкметі қысым және өктемдік жасау құралдарын пайдалануға дейін барып, соғыс тұтқындарын заңсыз сұрыптады, оларға туған еліне қайтқысы келмейтіні туралы мәлімдеме жасаттырды. Корей және қытай соғыс тұтқындарының бұл сыяқты озбырлық пен заңсыздыққа қарсы наразылығын американ командованиесі, Кочжедо аралындағы лагерьдегідей, атып өлтіру жазасымен басып,жанышты, бұл ату соғыс тұтқындарына арналған американ лагерьлерінде осы уақытқа дейін тоқтылмай отыр.

Халықаралық правоны бұзудың мұндай мысалдарын тарих әлі ешуақытта да білген емес.

Осы сессияда Ассамблеяның алдына корей мәселесін шешу міндеті тағыда қойылып отыр. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбіт

йын қажырлы және батыл талап етуде, империалистік агрессорлардың ауыздықталуын талап етуде, сөйтіп американ агрессиялық саясатына барған сайып күшті карсылық көрсетуде.

Ассамблея осы міндетті орындап, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының принциптеріне сәйкес шешуге тиісті.

Польша делегациясы енгізген ұсыныстар Ассамблеяның алдында тұрған осы мәселе жөніндегі мақсатқа толық сай келеді.

Біз Бас Ассамблеяны соғысушы жақтарға —құрғақтағы, теңіздегі және әуедегі соғыс қыймылдарын тезінен тоқтатуға кеңес беруге шақырған поляк әріптестеріміздің ұсынысын қызу қолдаймыз.

Біз барлық соғыс тұтқындарын халықаралық нормаларға сәйкес туған еліне қайтару туралы ұсынысты қызу қолдаймыз.

Біз шетел әскерлерін, соның ішінде ерікті қытай әскер бөлімдерін де, 2—3 айдың ішінде Кореядан әкету туралы, тікелей мүдделі жақтардың және Кореядағы соғысқа қатыспаған басқа мемлекеттердің қатысуымен құрылған комиссияның бақылауымен корейліктердің өздері жүргізетін Кореяны біріктіру рухында корей мәселесін бейбітшілікпен шешу туралы Польша делегациясының ұсынысын қызу қолдаймыз.

Міне, Совет үкметінің пікірі бойынша, корей мәселесін шешу жолы осы. Халықаралық қарым-қатнастағы кәзіргі шиеле

